

егемен

Азатстан

## Қаралы сұлу Қарагөз

Жазу жазып отыр еді, телефон шылдыр ете қалды. Тұтқаны құлағына тосқанда:

– Кешіріңіз, Ерасыл ағамен сөйлесуге бола ма? – деді бейтаныс дауыс. – Мен тыңдап тұрмын.

– Ә, э, иә, өзіңіз екенсіз ғой... Айып етпесеңіз, мүмкін болса... – деп жасқана сөйлеген дауысқа:

– Тыңдап тұрмын, айта беріңіз – деп жауап берді Ерасыл.

– Аға, есіңізде ме, өткен жылғы көркемсөз оқушылардың республикалық байқауы. Сонда мен сіздің «Арманым көп, аз өмірім жетер ме?» деген өлеңіңізді оқығанмын. Қазылар алқасының шешімімен берілген дипломды өз қолыңыздан алғанмын. Сонда сіз маған: «Өлеңді дауыспен ғана емес, жүрекпен де оқиды екенсіз», деп едіңіз.

– Аты-жөніңді есіме түсіре алмай тұрмын.

– Атым – Динара, фамилиям – Мұратова.

– Қалқам-ау, сенен көз жазып қалдық қой. Қайда жүрсің?

– Оны кейін айтамын. Сізбен кездесек бола ма?

– Алдағы, жо-жоқ, арғы сәрсенбіде хабарласыңыз. Сағат онда.

– Рахмет, аға! Мазалағаным үшін кешірім өтінемін. Ерасылдың бүкіл өмірі жазумен, кітап, газет оқумен өтіп келеді. Оған қабаттасып жатқан әртүрлі кештер мен кездесулерге, әрқилы тойлар мен асқа бару, телеарналар мен газеттерге сұхбат беру сияқты қат-қабат шаруа тағы бар. Соның бәрі аздай-ақ іні, қарындас, ержеткен ұлдарынан бастап туыс-туған, жерлестерінің бәрі мұның мойнына мініп алған. Тіпті, бейтаныс біреулер де әдейі іздеп келіп, кейде телефон шалып: «Сіз халықтың адамысыз ғой, сізге айтпағанда кімге айтамыз мұңымызды», деп басын қатырады. Қымбатшылық қысып, жұмыссыздық көбейіп, адалдықты аярлық жеңіп, ұйымдасқан жемқорлық қоғамды жегі құрттай жеп жатқан мына күрделі кезеңнің күрмеуі қатты проблемалары аз ба?

Біреуге үй, біреуге күй, біреуге қаржы, біреуге жұмыс керек!

Жаратылысынан жүрегі жұмсақ Ерасыл ешкімге жоқ деп айта алмайды.

Сосын жүргені, зайыбы Айгүлдің сөзімен айтқанда «бесплатный бейнетпен» басы қатып. Қым-қуат тіршілік қамымен жүрген Ерасыл Динара телефон шалғалы екі апта өткенін байқамай да қалды. Онымен кездесуге тиіс екенін де ұмытып кетті. Күндегі әдетімен жұмыс бөлмесіне келіп, жазу столындағы аудармалы күнтізбеге көз жүгірткенде барып, бұдан екі апта бұрынғы әңгіме есіне түсті. Әйтсе де, Динара түске дейін телефон шалған жоқ. Ерасыл түстен кейін Әл-Фараби атындағы ұлттық университетте студент-жастармен кездесу өткізді.

Содан кейін үйге қайтпақ болып машинаға отыра бергенде:

– Аға, бір минут тұра тұрыңызшы, – деген дауыс шықты.

– Ол жалт қарады. Қарсы алдында жаңа ғана бұр жарған гүлдей үлбіреп жап-жас қыз тұр. Ботаның көздеріндей сұлу, сүйкімді, жанары таңғы шықтай мөп-мөлдір.

– Аға, мен Динарамын.

- Сағат онда хабарлас деп едім ғой сізге.
- Кешіріңіз, аға! – Өзіне қанжардай қадалған Ерасылдың көзінен именген қыз ұзын, қайқы кірпіктерін төмен түсірді.
- Сізге қайта телефон шалуға батылым жетпей, кездесуге келетініңізді естігесін осы жерде күттім.
- Түсінікті, – деді Ерасыл сөзді қысқа қайырып
- Отырыңыз мына көлікке. Динара Ерасылдың айтуымен аппақ «Тойотаның» алдыңғы орындығына отырды. Ерасыл артқы орынға, Динараның арқа тұсына жайғасты. Машинаға отыруын отырғанмен: «Қайда барамыз?» деп сұрауға Динараның батылы бармады.
- Қайда? – деп сұрады машина университет ауласынан шыға бергенде сұңғақ бойлы, қою кара мұртты жас жігіт.
- Ауылға, деді Ерасыл. «Апырмау ауылы несі? Бұл кісі мені қала маңындағы ауылдардың біріне апармақ па? Қыз өзімен өзі болып отырғанда Сәтбаев көшесімен зырлаған машина Достық даңғылын бойлай жоғары көтеріліп, «Медеу» мұз айдынына жете бере солға бұрылды. Сосын ирек-ирек тастақ жолмен жоғары өрлеп келіп, бірі үлкен, екіншісі кіші екі киіз үйдің алдына келіп тоқтады. – Аманжол, сен қалаға қайта бер. Біз осында біраз боламыз. Керек кезде шақырып алармын, – деді Ерасыл машинадан түсіп жатып. Киіз үй «Ауыл» атты мейрамхана екен. «Медеудің» сол жақ өкпе тұсынан көп қабатты жаңа ғимарат бой көтеріпті. Одан әрі кішігірім киіз үйлер.
- Тау ауасы қандай таза, табиғат қандай сұлу! – деді Динараны киіз үйге ұқсаған дөңгелек мейрамхананың алдында күтіп алған Ерасыл.
- Қайсысына кіреміз мына екі киіз үй мейрамхананың.
- Ресторанды ұната қоймаймын. Ешқайсысына кіргім келіп тұрған жоқ, аға.
- Енді қайттік?
- Далада сөйлесуге болмай ма?
- Оған да үлгереміз. Күннің ыстығы басылғанша салқын жерде шай-пай ішіп отырып әңгімелесейік. Сол сәт бұлардың жанына қырықтың о жақ, бұ жағындағы қараторы келіншек жетіп келді.
- Охо, атақты жазушы ағамның өзі келіпті ғой. Бүгін құтты күн болды. Қалайсыз, аға? – деп жік-жапар болды ол.
- Ішке кіріңіздер. Қайсысына отырасыздар, үлкеніне ме, кішісіне ме? – Оңашалау кішісі дұрыс болар. Зу-зу етіп сөйлеген әйел зып беріп ресторанның өкпе тұсындағы қызыл кірпіштен салынған жалғыз қабат жатаған ғимаратқа кіріп кетті. Екеуі мейрамхананың кеуде тұсына жете бере бір-біріне қарама-қарсы отырды.
- Иә, қалқам, қалайсыз? – деп сөз бастады ойға шомып, үнсіз отырған Динараның жүзінен қазіргі жастарда көп кездесе бермейтін сыпайы сынық мінезді байқап, оған сүйсіне қараған Ерасыл.
- Шүкір, аға.
- Сіз, әкем театрдағы «Қарагөзді» көріп пе едіңіз. Кәмила Айтжанова сомдаған Қарагөзді айтамын.
- Мектепті бітіретін жылы көрдім.
- Көргеніңіз, Кәмила шыққан биікке талпынғаныңыз көрініп тұр.

- Сіз менің Қарагөзімді көрген екенсіз ғой.
- Көргенде қандай! Көрдім, сүйсіндім. Сіз бейнелеген Қарагөзге ғашық болдым. Жастар театрындағы жаңа қойылымды көріп отырып қазақ сахнасының жарқ етіп шыққан жаңа жұлдызы сіз болар деп үміттеніп ем.
- Кәмила қайтыс болғаннан кейін бірер актрисалар ойнады Қарагөзді.
- Иә, дұрыс айтасыз, ойнады. Ал, сіз ойнаған жоқсыз, Қарагөз болып өмір сүрдіңіз сахнада. Содан да сіз қаралы сұлу – қайғылы Қарагөздің азапты махаббатының дәл өзі, сахнадағы Кәмиланың көзі болып қалдыңыз көрерменнің көз алдында. Сіздің Қарагөзіңізді көргенде менің ойыма: «Махаббат үшін жанұшырған әйелді ешқандай күш тоқтата алмайды», деген сөзі оралады есімі есімде жоқ бір жазушының. – Оны айтқан Агата Кристи. Мені көтере сөйлеген сөзіңіз үшін рахмет аға!
- Қарагөзден кейін радиодан Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айрылысуын» оқыдыңыз. Алла Тағала үніңізді де ерекше жаратқан екен. Содан кейін өзіңізден көз жазып қалдық.
- Өйткені театрдан біржола кеткенмін.
- Неге?
- Ол ұзақ әңгіме, кейін айтайыншы аға. Жарай ма, аға?
- Өзіңіз біліңіз.
- Қазір қайдасыз?
- Киноға түскелі жүрмін.
- Оныңыз да жөн шығар, – деді Ерасыл ойлана сөйлеп.
- Әйтсе де театрдың орны бөлек. Актриса көп. Таланттылары да бар. Бірақ, Қарагөз жоқ. Қарагөздер жылда тумайды. Сіз менің көз алдымда қаралы сұлу Қарагөз болып қалдыңыз. Сіз нағыз Қарагөзсіз!
- Мен сіздің «Азапты махаббатыңызды» Моцарттың «Реквиемін» тыңдап отырып оқушы ем.
- Онсыз да көңілсіз шығарманы ауыр, азалы музыканы тыңдай отырып оқу ауыр емес пе?
- Екеуі үндесіп тұр. Ал сіздің «Сағынышыңызды» оқығанда Штраустың «Вена орманының аңызын» ойнатып қоямын. «Азапты махаббатыңыздағы» мұң қанша ауыр болса, «Сағыныштағы» сезім соншалық биязы.
- Сізге екеуі де ұнады ма?
- Ұнағандай қандай? «Азапты махаббат» романыңызда улы-шулы үлкен қаладағы махаббат мұңын арқалаған бас кейіпкеріңіздің жандүниесіндегі азапқа толы алапат арпалысты әрқилы көзқарастағы әртүрлі адамдардың күрделі тағдырларымен байланыстыра сенімді суреттейсіз. Ал «Жалғыздық» атты хикаяңызда жүрек қылын шерткен нәзік сезімдерді көп ішіндегі дара жандүние иірімдері арқылы қалай тап басып, тамаша бейнелегеніңізге таң қалдым. «Страна чудес без тормозов» атты жапонның Харуки Муракамиінен сіздің талантыңыз артық болмаса кем емес. Жапондар осы жазушысын Нобель сыйлығына ұсынды. Ал қазақтар өзінің Ерасыл Жақсыбековын Мемлекеттік сыйлыққа неге ұсынбайды?

- Соны алғанымнан алмағаным жақсы. Көрші мемлекеттің марапатын алғанымда өлтіріп қоя жаздаған жоқ па әріптестерім? Мемлекеттік сыйлықты алсам атып тастайды мені қызғаншақ қазақтар.
- Қазақтар емес, өзіңіздің тырнақшаның ішіндегі жазушы достарыңыз, – деп түзетті Динара.
- Мейлі, солай-ақ болсын. Өлтіргесін кім өлтіргені маңызды емес. «Өнбейтін дауды өспейтін ұл қуады», деген даланың дана шалдары.
- Қазір не жазып жүрсіз, аға? – «Тәуелсіздік толғауы» деген еңбек.
- Атына қарағанда көсемсөз болды ғой. – Иә. Бұл өзі көкейтесті көсемсөз десек те тәуелсіздікті белгілі тұлғалар тағдырымен байланыстыра баяндайтын деректі әңгімелер жиыны. Соны тарау-тарауымен тергізе берейін десем, біздің одақтағы компьютерде отырғандардың біреуі де бос емес.
- Сол еңбектеріңізді мен теріп берсем бола ма?
- Онда тіпті жақсы! Аспаннан тілегенім жерден табылды ғой...
- Жерден деген жағымсыз естіледі екен. Жанымнан деңізші аға. – Жарайды, жанымнан дейін.
- Енді негізгі әңгімеге көшкеніміз жөн болар.
- Ол не әңгіме?
- Өзіңіз айтпап па едіңіз, өткенде телефон шалғанда: «Ешкімге айтпаған сырымды сізге ғана айтсам деп ем», деп.
- Ә, иә, есімде. Динараның уыздай ұйып тұрған аппақ бетіне атып келе жатқан таң шапағындай жұқалтаң қызғылт нұр жүгіріп өтті.
- Соны кейін айтайыншы, аға! – Бәрін кейінге қалдыра беретініңіз қалай? «Өлімнен өзгенің ертесі жақсы», демеп пе еді атам қазақ.
- Деген.
- Енді не кедергі?
- Қазір батылым жетпей отыр. Кейін тағы бір сағат уақытыңызды қиыңызшы, аға.
- С удовольствием, – деп көңілдене жауап берді Ерасыл. – Сізбен әңгімелесу қызық екен. Интеллектуалды жастармен сөйлесу маған өте пайдалы. Өмірден қалып қоймас үшін жастармен сырласқым келеді. – Аға, сізге сообщение келді. – Солай ма? Естімей қалдым, – деп қалта телефонына көз жүгірткен Ерасыл – Аманжол ғой, «келіп тұрмын депті», – деді жұмсақ жымиып. – Машина келсе, қалаға қайтқанымыз жөн шығар, аға. Екеуі мейрамханадан көңілді шықты. – Отырыңыз, – деді Ерасыл машинаның артқы есігін ашып. Динара Ерасылға сұраулы жүзбен бір қарады да, үнсіз келіп артқы орынға жайғасты. Ерасыл сәл ойланып тұрды да, Динараның жанына отырды. Жұтынып тұрған сұлу «Тойота» ойнақтап бара жатты. Қалаға жеткенше екеуі де үндеген жоқ. – Қайда? – деді жүргізуші қалаға кіре бере. – Алдымен Динараны жеткізіп салайық. Сосын үйге. Қайда тұрушы едіңіз? – «Мамыр» ықшам ауданында. Межелі жерге жеткесін Ерасыл машинаның есігін ашып, сыртқа шықты. – Байқаңыз, басыңызды соғып алмаңыз – деп Динараның қолынан ұстады. Ерасыл Динараның жұм-жұмсақ, жып-жылы алақанынан күректей қолымен ақырын аялай ұстап, аз-кем тұрып қалды. Сол сәт

Динараның беті ду ете қалды. Ерасылдың өн бойына өзгеше бір жылылық тарап, жүрегі шымырлап кетті...

\* \* \*

Бүгін Ерасыл үйде жалғыз. Айгүл Мәскеуге іссапарға, балалар демалысқа елге кеткен. Елегезіп отыр еді Динара келіп, көңілі көтеріліп қалды. – Жаңа әңгімелеріңіз алдыңғы әңгімелеріңізден де жақсы екен, – деді Дианара Ерасылмен амандасып жатып. – Көлемі қанша болды? – Он екінші шрифтiмен тердiм. Он бет. – Рахмет қалқам! – Аға, сiзге бiр өтiнiш айтсам бола ма? – Айтыңыз. – Қанша рет көрiссек те ылғи сiз деп сөйлесемiз. Бұдан былай сен деп сөйлесенiзшi. – Жарайды. Онда сен де маған сен дейтiн бол. – Жақсы. Дегенiңiз болсын. – Мына әңгiмелер топтамасын бiтiргенiмiздi жумаймыз ба? – дедi Ерасыл. – Жусак жуайық. Екеуi ас үйге келдi. Ерасыл шампанды ашты. Жоғары атылған ақ көпiршiк Динараға қарай шашырады. Аппақ ақ блузкидiң сол жақ бөлiгi сарғылт тартты. – Кешiр, Динара. – Оқасы жоқ, – дедi қыз Ерасылға еркелей сөйлеп. – Өзiң шампанды да жөндеп аша алмайды екенсiң. – Қыздармен қыдырып көрмеген тәжiрибесiздiгiмнен болар. – Солай болса жақсы ғой. – Кәне, мынаны алып қоялық, – дедi Ерасыл шампан толы фужерiн жоғары көтерiп. – Мен сен үшiн iшемiн, – дедi Динара. – Мен сен үшiн, – дедi Ерасыл. Екеуi де фужер толы шампанды орталап iшiп, тiзе түйiстiре отырды. – Сенiмен кездескелi көңiлiм бұзылып жүр. Алтын көрсе перiште жолдан таяды деген рас екен, – дедi Ерасыл Динараға етжүрегi елжiрей қарап. – Жолдан тайып ештеңе қирата қоймассың. – Сенi жеп қойсам қайтесiң? – Менi жұтамын деп қақалып қалма. – Сен жауын шайған тап-таза жүзiм сияқтысың. Қақалмаймын, жұтып жiберемiн. – Қалай? – Тұршы өзiң көрсетейiн. – Ал, тұрдық. – Мiне, былай, – деп орнынан тұрған Динараны сәмбi талдай солқылдаған белiнен қапсыра құшақтады Ерасыл. Сосын сәл түрiңкi ернiнен құшырлана сүйдi. – Отырайықшы, – дедi болар-болмас бұлқынып, әлсiз қарсылық жасаған Динара. Екеуi бiраз уақыт үнсiз отырып, бiр-бiрiне елжiрей қарады. – Әңгiме айтшы, – дедi Ерасыл Динараны құшақтап. – Не жайлы айтайын? – Көптен берi айта алмай жүрген әңгiмендi. – Ол не тағы? – Ешкiмге айтпаған сырыңды. – Ол сыр театрдан кетуiме тiкелей байланысты, – деп бастады әңгiмесiн Динара. – Кәмила сомдаған Дездомона мен Катеринаға қол созып, жұлдызым ендi жана бастағанда күтпеген кедергiге тап болдым. Театрдың тiзгiнi қолына тиген жаңа режиссер келе сала соңыма шырақ алып түстi. Емеурiн танытқасын байғұсты босқа емексiтпейiн деп бiр күнi оған: «Осы сiзге не керек? Неге қыр соңымнан қалмайсыз?» дедiм. «Екiнiң бiрi, – дедi ол бетi шiмiрiкпестен, – сен не сахнаның жұлдызы боласың, не театрдан кетесiң». «Жұлдыз болуым үшiн не iстеуiм керек?» «Маған тоқал боласың» «Сiзге тоқал болғанша театрдан кетемiн». «Кетсең тезiрек кет. Бәрiбiр мен саған жұмыс iстетпеймiн». Осы әңгiмеден соң ол менiң Қарагөзiмдi де, Дездомонамды да өзге актрисаларға берiп, менi елеусiз эпизодтық рөлдермен шектедi. Сосын театрдан өз еркiммен бiржола кеттiм. – Қап, әттеген-ай, – дедi Ерасыл – Кәмиланың жолымен жап-жақсы жүрiп келе жатыр едiң. – Маған ғана емес, өнерге де обал болған сияқты. – Атам заманнан берi атам қазақпен бiрге жасасып келе

жатқан «ұят болады, обал болады» деген ұлы сөздердің ұмытыла бастағаны өкінішті-ақ. Бірақ сен қайғырма! Жассың. Болашағың алды. – Қалай қайғырмаймын, сүйікті жұмысымнан айрылғаным аздай-ақ сүйгеніме қол жетпей жүрсе. Ол да менің жанымды түсінген жоқ әлі, ұсынған қолым жетер емес оған. Екі бірдей ауыр соққы есеңгіретіп тастады мені. – Ол кім сонша?.. Ғасырда бірақ туатын сендей асылдың қолы жетпейтін? – Мені әлі түсінген жоқсың ба? Ол сенсің, мына сенсің, – деп жылап жіберді Динара. – Қой, мұның не? Жылама! – деді мына күтпеген жайдан абыржып қалған Ерасыл бойжеткенді құшақтап. – Динара Ерасылды жас толы жанарымен үнсіз аймалады. – Көз жасың ащы екен, – деді Ерасыл қыздың жас толы жанарын сүйіп. – Ащы тағдырдан ащы жас шығады. Менің көз жасым ғана емес, тағдырым да ащы, – деді Динара көзі боталап. – Анамнан алты, әкемнен жеті жасымда айрылдым. Жетім болып өсіп жетіліп ем, екінші курсты бітірген жылы ұнатқан жігітім суға кетіп, қайтыс болды. Жылаған жанымды өнеріммен жұбатып ем, онда да жолым оңғарылмады. Өзіңді алғаш көргенде-ақ сүйіп қалып ем. Махаббат қаншалықты өрт болса, соншалықты дерт. «Махаббат кез келген қасіретті үмітке айналдырады», дегенді бір кітаптан оқып ем. Сенің басың әйеліне байлаулы, аяғыңды балаларың тұсап тұр. Аласұрған сезімді жалғыз ақылмен жеңе алар емеспін. – «Қасірет келіп есігінді қақса, есігінді аш та онымен айқасқа түс. Қалайда жеңіп шық», депті Бетховен. Динара көз жасын сүртіп, Ерасылға сүйсіне қарады. Сол сәт есіне жазушы мерейтойы тұсында республикалық газеттердің бірінде: «Арулардай ажарын, серілердей сәнін бермей қаламгер ағамыз Ерасыл Жақсыбеков те алпысқа келіп қалыпты», деп басталған мақала түсті. «Қалай дәл тауып айтқан?» деп ойлады Динара. – Тартылған сымдай тіп-тік, бой қандай! Тік иық, кең кеуделі жігіт қой. Аздап бурыл тарта бастаған қою кара шашы кереқарыс кең маңдайға жарасып тұр. Келісті келген қою қас, ойлы, мұңлы қос жанар, нұр төгілген жүзін көріктендіре түсіпті. Бәрінен бұрын терең білім, аса биік ақыл-парасатын айтсаңыз! Жігіттің сұлтаны ғой Ерасыл!...» – Ваннаға барып бетінді жу. Мен шай қояйын деді, Ерасыл Динараның иығына қолын салып. Екеуі шай іше отырып, ұзақ сырласты. – Сіз Генридің «Последный лист» атты шығармасын оқыған боларсыз, – деді Динара. – Ертеректе оқығанмын. – Екеуміз сол әңгіменің кейіпкерлері сияқтымыз. – Қалайша? – Өмірден күдер үзіп, өлгелі жатқан ауру қыз терезе алдындағы ақ қайыңға қарап жатып, күз желі жұлып үлгермеген санаулы жапырақтың санымен қалған өмірін санап жатпаушы ма еді. Соған қарап жатып соңғы жапырақ үзілгенде мен де өміріммен қоштасамын деп ойлаушы еді ғой. – Бірақ, соңғы жапырақ үзілмеді, өмірден күдер үзіп, өлімге дайындалған қыз да өлген жоқ қой, – деді Ерасыл. – Оны өлтірмеген ауру қыздың ойын тап басып, түні бойы көз ілмей бір тәуліктің ішінде ең соңғы жапырағын күз желі жұлқыған ақ қайыңның суретін айнытпай салып, терезе алдына іліп, өзі қайтыс болып кеткен қарт суретшінің қайсар таланты емес пе?! Мен де сол ауру қыз сияқты қатыгез тағдырдан шаршап, өмірден де, сізден де күдер үзе бастап едім, бүгінгі кездесу үміт отын жақты. «Кез келген сүрінген сәтінді бақытсыздыққа балама, мүмкін сенің шын бақытты күндерің сол сәттен

басталар», деген Толстой сөзін ойыма оралтты. Осылайша олар көп сырласты. «Өзің алыста тұрасың. Түн ішінде қайда барасың. Қона кет», деді Ерасыл іштей. Иә, бұл ішкі ойы. Динараның қалғанын қалап тұрса да сезімін ақылы жеңді. «Жолбарысты жеңген жарты ер, сезімді жеңген бүтін ер». Сол ой, сол сезіммен такси шақыртып, бойжеткенді үйіне ұзатып салды. Динараның кетуі мұң екен ой ағысы мен сезім селі Ерасылды алды-артына қаратпай ала жөнелді. Бүгін маған не болған? Бас-көз жоқ, Динараны бас салып сүйіп алғаным қалай? Үйлі-баранды басыммен қызға қырындағандай болғаным неткенім? «Үйлен. Әйелің жақсы болса, бақытты боларсың. Нашар болса, философқа айналарсың», демеп пе еді Сократ. Үйлендім. Бақыттымын деп келгем жоқ па күні кешеге дейін. Шынында да бақытты сияқтымын. Айгүлді жаман әйел деп айта алмаймын. Сұлу десең сұлу. Ақылды десең ақылды. Өзімнен он бес жас кіші. Ақыл-парасаты мен білімі де қатарынан оқ бойы озып тұр. Жастық шағын, түп-тұнық мөлдір сезімін маған ғана арнады. Қанының қызуын, жанының жылуын да аяған жоқ менен. Шығармашылық жұмыспен алаңсыз айналысуыма барлық жағдайды жасады. Оны айтасың, қаламымнан шыққан әрбір шығарманы зер сала оқып, талай жақсы пікір, жаңа идеямен қанаттандырып отырған жоқ па? Ректор, министр болуға шақырған ұсыныстардан да бас тартып, биік мансапты да құрбан етті мен үшін. Маған қарайлап докторлығын да кештеу қорғады. Профессор, академик атақтарын да елдің соңында алды. Кімнен кем менің Айгүлім! Қызғаншақ жауларым сырттан күнкілдеп, жанашыр дос-туыстарым «осы сенің әйелден аузыңның салымы бар» деп ашық айтпады ма? Маған деген адалдығына қызықпаған кім бар? Бар өмірін маған тұтас арнаған Айгүліме қарыздармын. Сөйткен Айгүлімнің өзі жоқта өзге біреуге езеурей қалғаным қалай? Сол түні Ерасылдың жан дүниесінде аламан ойлар атойлап, алуан сезім шарпысып еді. Ол өз жүрегінде пайда болған әзірге өзге түгіл өзіне де беймәлім таңғаларлық сезім құшағында жатып ұйықтап кетті.

\*\*\*

Динара Атырауға кеткелі он күн өтті. – Елде көп болмайтын шығарсың? – деп сұрап еді Ерасыл Алматы әуежайынан телефон шалған бойжеткеннен. – Төрт-бес күн, әрі кетсе бір апта, – деп жауап берген еді ол. – Жайшылық па? – Ата-анамның басына барып, жалғыз ағамның халін біліп қайтпақпын. Ол сипамаса кім сипайды мендей мұңлықтың маңдайынан? – Сағынған екенсің ғой, бауырыңды. – Сағынбағанда. Қу тірлікке қуырдақ болып жүріп елге бармағалы екі жыл болыпты. Бір күні жазатайым жазым болсам өкініш емес пе? – Қой, қайдағыны айтпа, – деп абайсыз от басқандай ыршып түсті Ерасыл. – Пәле қайдан дерің бар ма? Жүрегім бір жаманшылықты сезеді. Жазатайым жазым болып кетсем... – Не болды саған жаманшылық шақырып? – Не болғанын білмеймін. Бірақ, сезімім алдап көрген жоқ еді. – Жетер енді! – деп жекіп тастады Ерасыл. – Болды! Бұдан былай айтушы болма мұндай сөзді. О несі ей, ақырзаманды айғайлап шақырып жүрген пессимистерге ұқсап. Динара елге кеткеннен кейін Ерасылдан маза кетті. Оған қайта-қайта телефон шалумен болды. Еститіні сол баяғы: «Абонент байланыс аясынан тыс жерде, немесе оның ұялы телефоны сөндірулі. Кейінірек хабарласыңыз»,

дейтін жаттанды жауап. Динараның хабарсыз кетуі Ерасылдың сезім отын лаулата түсті. Сағыныш жүрегін сыздатып үйге сыя алар емес. Отырса да, тұрса да, оқыса да, жазса да көз алдынан сүйіктісінің сүйкімді бейнесі кетпей қойды. Өстіп отырғанда Динараның өзі телефон шалды. – Қайдасың? – деді Ерасыл жүрегі алып ұшып. – Алматыдамын. – Қашан келдің? – Ұшақтан жаңа ғана түстім. – Соңғы төрт күн бойы хабарсыз кеттің ғой. – Ағам екеуміз Таушыққа барып келдік. Ол жақта байланыс жоқ. – Аған қалай, дұрыс па жағдайы? – Жаман емес. – Мен саған қазір келемін. – Сен келгенше түн болып кетеді. Лучше ертең. – Ертең міндетті түрде келемін. Күт! – Кел, күтемін! Ертесіне кешкісін Ерасыл Динараның үйіне келді. Ол жалға алған бір бөлмелі пәтерде жалғыз тұрушы еді. Бірін-бірі сағынған қос ғашықтың құшақтары айқаса кетті. Екеуі бірін-бірі аймалап ұзақ тұрды. – Бүгін виски ішеміз, – деді Ерасыл. – Ішсек, ішелік, – деді Динара. Вискиге сүйіс қосылып қаны қызған Ерасыл: – Ертерек демалайықшы, – деп Динараны асықтыра бастады. – Асықпа. Күшің тасып бара жатса көрерміз. Түн ұзақ қой, – деді Динара күлімдеп. «Ақ төсекте екеуміз бірінші рет кездескелі тұрғасын қайдан білейін деп едің қайратымның әлі қайтпағанын. Түн тыныштығын берсе есіңнен тандырармын сені», деді іштей Динараның сөзінің астарын аңғарған Ерасыл. Сол күні олар кеш жатып, кеш тұрды. – Бұрын да сұлу едің, бүгін тіпті құлпырып кетіпсің, – деді таңғы ас үстінде Ерасыл Динараға. – Қарға аунап тұрған түлкі құлпырып кетпей қайтушы еді? Өзің ғой суи бастаған қанымды қыздырған, – деп сыңғырлай күлді Динара. – Күлкің қандай сұлу еді. Алтын табаққа күміс теңге төгілгендей. – Бәрі көңіл-күйге байланысты ғой. Көңіл-күйің болмаса сұлулық та суық тартады. – Көңіл-күйінді түсірме. – Ол саған байланысты. – Мен сен үшін бәріне дайынмын. – Рас айтасың ба, күнім! – Шыным осы, гүлім! – Жаным менің, жалғызым! Жалын атқан қос жүрек бірге соғып, бірге жанды.

\* \* \*

Ерасылды қалың ұйқыдан қалта телефонының шырылы оятты. – Тыңдап тұрмын, – деді Ерасыл ұйқылы-оюу. – Ереке, мезгілсіз мазалағаным кешірім өтінемін, – деді ар жақтан естілген әйел даусы. – Ұйықтап жатқан боларсыз. Білемін, Алматы мен Американың уақыт айырмашылығы он екі сағат қой. Телефон соқпасыма болмады. – Бұл кім? – деп мезгілсіз телефон шалған әйелдің сөзін бөлді Ерасыл. – Бұл мен ғой. Динараның құрбысы Айғаныммын. Алматыдан звондап тұрмын. – Жайшылық па? – Динара, – деді Айғаным дауысы дірілдеп. Сөзінің аяғын айта алмай жылап жіберді. – Динарадан айрылып қалдық. – Қашан, қалай? – деп ышқына айғайлаған Ерасыл төсектен атып тұрды. – Кеше, Алматыда жай түсіп... Сіз келесіз бе, топырақ салуға үлгересіз бе? – деді әр сөзін үзіп-үзіп әрең сөйлеген Айғаным. – Келемін! Мені күтіңдер. Ерасыл осыны айтты да қалта телефонын лақтырып жіберді. Емен есікке барып сарт еткен қалта телефоны: «Менің жазығым не?» дегендей «дың» етіп еденге құлап түсті. Ерасылдың шығармашылық сапармен АҚШ-қа келгеніне он күн болған. Елге бір аптадан кейін қайтуы керек еді. Динарамен күні кеше ғана сөйлескен. – Жаңалық айтайын ба? – деген ол сонда. – Айта ғой, жаным! – деп еді Ерасыл. – Бүгін дәрігерде

болдым. Екеуміздің баламыз бар, ұл екен. – А, а, иә, – деп абдырап қалды Ерасыл. – Әкесіз баланы қалай өсіремін? – Оған қам жеме. Сен де менікісің, бала да менікі. Екеуміз бірге өсіреміз оны. – Сені аяймын. Қиын болады ғой саған. – Маған ең қиыны сенен айрылу. Сен жанымда болсаң қалған қиындық түк емес. Сен үшін бәріне де дайынмын, жаным! Күні кеше ғана болған сол әңгіме Ерасылдың көкірегінде сайрап тұр. Енді, міне, ай батып, күн сөнді бір-ақ сәтте. Неткен қатыгез өмір еді бұл?... Ауыр қайғы еңсесін езген Ерасыл бар мен жоқтың, өң мен түстің арасында мең-зең болып жүріп Алматыға да жетті. Халық өзінің сүйікті актрисасымен Жастар театрында қоштасты. Өзге түгіл өзіне де түсініксіз күйде, қатты жан күйзелісінде жүрген Ерасыл қаралы жиын кезінде көзі қарауытып құлауға шақ қалды. Қаралы қалың топтың арасында тізесі дірілдеп Кеңсайдағы зиратқа әрең жеткен ол жылап тұрып бір уыс топырақ салды өзінің сүйікті Динарасына... Сол сәт жарық дүние қап-қараңғы көрдей болып көрінді... «Рицпалас» мейрамханасындағы астан соң құр сүлдесін сүйретіп, үйге әрең жетті Ерасыл. Оның ауыр халде жатқан аурудай боп-боз түрін көріп шошып кеткен Айгүл: – Түсің қашып кетіпті ғой, не болды саған? – деді. – Ауырып қалдым, – деді Ерасыл. – Дәрігер шақырайын. – Керегі жоқ. Қатты шаршап тұрмын. Жатып демаламын. Ерасыл осыны айтты да төсекке киімшең құлай кетті. Сол күні түнде ол түсінде қаралы сұлу Қарагөз – Динараны сан мәрте көрді...

\* \* \*

Динара қайтыс болғаннан кейін Ерасылда қан қысымы пайда болды. Жүрегі шаншып, жиі ауыратынды шығарды. Айгүлдің қолқалауымен ауруханаға жатып, ем де қабылдады. Жазу мен оқуды да шектеп, қызық думан кештерге де барды. Бірақ соның бәрі жанын сыздатқан дертке дауа бола алмады. Шыбын жаны қуырдақ болып қуырылған Ерасыл аз уақытта қатты жүдеп, адам танымастай болып азып кетті. Динараның жоқтығына төзе алмай қайғыдан қан құсып жүргенде мұның сағынышпен сарғайған жанындай сары жапырақты күз де келіп жетті. Күздің алғашқы күні Ерасыл Динараның қабірінің басына барды. Зираттың бас жағына қойылған қоңыр мрамордың үстіңгі жағындағы бойжеткеннің жоғары оқу орынын бітіретін жылы түскен суретіне қарап, сүйіктісімен іштей сырласып, ұзақ отырды. Ана жолы Ерасыл Америкаға кетерде Динара мұны әуежайға дейін ұзатып салмап па еді. Сол жолы ол бұған бұрынғыдан да бетер ынтыға қарап, құшағынан босатпай қойғаны қайда? Сол жолы Ерасыл да Динараны бұрынғысынан да бетер құштарлықпен құшақтап, өзегі өртеніп сүйіп еді-ау. Сонда соның бәрі соңғы сүйіс, соңғы бақыт екенін сезді ме екен ғашық жүректер. Кенет қара дауыл тұрып, соңы шелектеп құйған нөсер жаңбырға ұласты. Үсті-басы ілезде малмандай су болса да Ерасыл ескі «Маздасына» отыруға асыққан жоқ. Жаңбыр суы араласқан көз жасымен бетін жуа берді, жуа берді. Көз алдынан қаралы сұлу Қарагөз – Динара кетпей қойды. Аспан аударылып жерге түскендей. Дүниені түнек басып, ақыр заман орнағандай. Қырық жамау жүректің тыртықтарын әлдебір тарғыл мысық аяусыз тырнап жатқандай. Тағдыр мен табиғаттың қара дауылы мен нөсер жауынына қатар ұрынған мұның қаралы халін кім ұғар? Аяулысын жоғалтып көкірегі қайғыдан қарсы

айрылған Ерасыл күздің қара суығы мен нөсер жаңбыры астында, қара дауыл құшағында суықтан қорғалаған торғайдай болып, аяқ-қолын бауырына жинап, бүрісіп отыр. Қара дауыл екілене соғып тұр. Қара жаңбыр шелектеп құйып тұр. Көз алдында қаралы сұлу Қарагөз – Динара! Ерасыл ет жүрегі езіліп Динараны өмір бойы ұмыта алмайтынын, жанын қинаған азапты өле-өлгенше арқалап, о дүниеге өзімен бірге ала кетерін жан жүрегімен ұқты...

Сәбит ДОСАНОВ, Алматы